



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»

«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, БОЛАШАҒЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР

ЖИНАҒЫ

17 сәуір, 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ТРАНСВЕРСАЛЬНЫЕ НАВЫКИ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ»

17 апреля, 2024 года



АСТАНА
2024

УДК 378
ББК 74.58
Т66

Асылбекова М.П

**«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР,
БОЛАШАҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ISBN 978-601-337-983-8

Т66 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясындағы «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (Астана қ., 17 сәуір, 2024ж.) / М.П.Асылбекова. © Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024., - 311б.

ISBN 978-601-337-983-8

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции «Трансверсальные навыки: опыт, проблемы, перспективы».

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-337-983-8

© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024 -ISBN

Редакция алқасы:

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

МАЗМҰНЫ

№	Автор(лар), мақала тақырыбы	Беттер
Пленарлық мәжіліс		
1	Асылбекова М.П., Отарова Т.Н. Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамыту тәжірибесі	3
2	Mourat Tchoshanov Designing and studying stem learning in digital age via blended approach of engineering, learning sciences, and didactics	9
3	Ширбачеева Г.Ш. Педагогические вызовы современности: поиск новых подходов к образованию в социокультурной ситуации	12
4	Вахидова Л. В. Теория и технология профессионального развития педагога в контексте трансверсальности	15
5	Кожамкулова Г.Е. Интеграция трансверсальных навыков в содержание куррикулума» (на примере куррикулума Назарбаев Интеллектуальных школ)	20
6	Садикова Ш.А. Теоретико-методологические представления об образовательной среде и основаниях ее проектирования	25
7	Ахмедьянова А.Х. Демонстрация как инструмент оценки профессиональных и трансверсальных компетенций будущих педагогов	30
8	Санатбай П.А. Кәсіби даярлау үдерісінде Soft skills дағдыларын дамыту: шетел тәжірибесі	33
9	Шабаева Г. Ф., Яшина В. И., Чинаева З. М. Инновационная подготовка студентов в полилингвальной и цифровой профессиональной среде по дошкольному профилю в рамках речевого развития детей.	39
10	Baimuldinova G. Thriving in transition: how transversal skills support students in university socium	43
1 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ		
11	Сейітказы П.Б., Махмут Читиль, Ырымбаева Н.А. Медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту	51
12	Абильдина С.Қ., Мукушева А.Н., Дагарова Ж.У. Шағын жинақты бастауыш сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын дамытудың теориялық негіздері	55
13	Абдуллаева Н. М. Тенденции развития образования на современном этапе образовательного процесса	58
14	Абдуллаева Н. М., Шербачеева Л.С. Использование технологий 4К для стимулирования ученической мотивации	62
15	Сламбекова Т.С., Шакаримова К. К. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы трансверсалды дағдылардың мүмкіндіктері	66
16	Есекешова М.Д., Тастанбекова Н.Д., Аубакиров А.К. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру - басты міндет	72
17	Ботабаева А.Е., Ажибаева Р. Е. Болашақ педагогтердің трансверсалды дағдыларын қалыптастыруда онлайн оқыту платформаларын пайдаланудың маңыздылығы	77
18	Сейітказы П.Б., Кошанова М. Т. Медиа құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық функциялары	81
19	Шаханова Э.А. Педагогикалық білімнің қолданылу ерекшеліктері	86

20	Otarova T. N., Zhanabaeva A.K. The importance of internet resources in learning	90
47	Молдабай А.М., Саурыкова Ж.М. Issues of terminology systematization»	190
48	Салкынбаева А.М. Тиімді оқыту және тәлімгерлік құпиялары	192
49	Тнимова Ю.М., Нурманалиева У.Т. Compound complex sentences in the english language	196
50	Seisebayeva B.T.,Tolkumbekova A. K. «E-learning as one of the forms of implementation of the learning process»	198
51	Seisebayeva B.T. Peculiarities of development of modern methods in foreign language teaching	202
52	Seitova Z.A. The study relevanceof future teachers’ social intelligence	207
53	Toregeldieva A. N., Tulebayeva S.K. Using a foreign language in information technology in modern conditions	212
54	Хасенқызы Т., Акрамова Ә.С. Білім беруді цифрландырудағы тәуекелдер	215
55	Аканова А. А., Искакова М. О. Оқытудың белсенді әдістері – сапалы білім беру негізі	221
56	Гайбуллаева С. С., Уалиева Н. Жастармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	224
57	Калматаева А. М., Калымбетова Д. Ж. Церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған логопедиялық түзету жұмыстарының әдістемесі	229
58	Кошимбетова З. Д., Наурызбай Д. Б., Абдигаппарова А.Е. Вербализм вербальды балаларды диагностикалауға арналған тапсырмалар	233
59	Санбаева Б., Есенова К. Сравнительный анализ процессов социально-педагогической адаптации иностранных студентов в образовательных учреждениях Казахстана и Турции: вызовы, стратегии и перспективы»	235
60	Рсалы Г. М.Даярлық тобы балаларын мектепке дайындау мәселелері	243
61	Кәдірбай Ә. Б., Шамбулкерева Б.Н., Нұрхан Д. Е. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері	247
62	Дарменова А.Е Цифрлану жағдайында білім алушылардың трансверсалды дағдыларын дамытудың маңыздылығы	252
63	Аликулова С. А., Болатқызы А. Аутизм – психикалық дамудың бұзылуы	257
64	Гайбуллаева С. С., Алыбай Ж. Жасөспірімдік агрессия – әлеуметтік-педагогикалық мәселе	261
65	Байқоңырова Ж. Балалардағы дизартрия бұзылысына жалпылама сипаттама	265
66	Ахметова Т.Ш. Интертеймент технологиясының заманауи білім берудегі маңызы	268
3 СЕКЦИЯ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БҮЙІНШІ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ		
67	Сламбекова С.Т. Дарынды балалардың әлеуметтік - эмоционалды әл-ауқатын психологиялық қолдаудың ерекшеліктері	273
68	Ныгманбеков К. М. Педагогтердің кәсіби даму мониторингін зерделеу арқылы даму жоспарын әзірлеу	276
69	Мамыракина Ф. С. Тіл сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының креативті жазылым дағдыларын дамыту»	280
70	Шаханова Э.А., Сманова Л.У. Влияние стиля воспитания на специфику семейных конфликтов в подростковом возрасте	290
71	Ыбырайқызы А., Нұғыманова Н. Ә. Ертегі - халық педагогикасының көне жауһары	297
72	Тусипжанов Б.А. Кемпіркосақ» бейнелеу өнері үйірмесі	301
73	Аханова А. К. Мағжанның маржан мұрасы	304

1 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ

ГТАМР 14.35.07

МЕДИАБІЛІМ ҮДЕРІСІНДЕ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ

Сейітказы Перизат Байтешқызы

perizatbs@mail.ru

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті. Астана қ., Қазақстан

Махмут Читиль

Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Анкара қ., Түркия

Ырымбаева Нургуль Алдажаровна*

nurgul.a@internet.ru

докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан

Аннотация. Мақалада студенттердің медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларын дамытудың бүгінгі күнгі өзектілігі қарастырылады. ЮНЕСКО-ның құжаттарында медиабілім беру, трансверсалды құзыреттер туралы берген сипаттамалары ұсынылды.

Annotation. The article considers the relevance today of the development of students' transversal skills in the process of media education. UNESCO documents provide descriptions of media education, transversal competencies.

Түйін сөздер: Медиабілім беру, медиабілім үдерісі, ақпараттық орта, трансверсалды дағдылар

Keywords: Media education, media education process, information environment, transversal skills

Қазіргі ақпараттық және цифрлық технологиялардың күнделікті өміріміздің маңызды бөлігіне айналған тұсында, трансверсалды дағдыларды дамыту қоғамда оңтайлы бейімделу мен өзін-өзі жүзеге асыруда ерекше орын алады. Шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық орнатуда трансверсалды дағдылар қазіргі қоғамдағы қажетті құзыреттер жиынтығын құрайды. Ал медиабілім үдерісі қажетті құрамдас бөлігі ретінде, студенттерде осы дағдыларды дамытуда шешуші рөл атқарады.

Заманауи технологиялардың дамуымен және әртүрлі медиа-ресурстар арқылы ақпаратқа қол жетімділіктің кеңеюімен студенттер тек жоғары мамандандырылған кәсіби дағдыларды ғана емес, сонымен қатар ақпаратпен тиімді өзара әрекеттесуге, сыни тұрғыдан ойлауға және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін пәнаралық құзыреттіліктердің кең спектрін дамыту қажеттілігіне тап болады.

Медиабілім беру — студенттердің медиа және ақпараттық технологиялар саласындағы дағдылары мен құзыреттерін дамытуға бағытталған білім беру жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Бұл студенттерге ақпараттық кеңістік мен цифрлық ресурстарды пайдаланудағы тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастық қабілетін дамытуға көмектеседі. Сондай-ақ, үздіксіз білім алуға және білімді жаңартуға баса назар аударатын заманауи білім беру моделіне сәйкес өмір бойы қажетті құзыреттерді дамытуға көмектеседі.

ЮНЕСКО - ның құжаттарында медиабілім беру «педагогикалық теория мен практикадағы нақты және автономды білім саласының бөлігі ретінде қарастырылатын қазіргі заманғы бұқаралық коммуникация құралдарын игеру үшін теория мен практикалық

дағдыларды оқыту», — деп түсініледі. Сонымен қатар, ЮНЕСКО медиабілім беруді «барлық мемлекеттердің ұлттық оқу жоспарларына, өмір бойы қосымша, бейресми және білім беру жүйесіне» енгізуді ұсынады [1].

Медиабілім беру — жаһандық ақпараттық қоғам жағдайында жаңа ақпараттық технологияларды, ең алдымен, бұқаралық коммуникацияның электрондық құралдарының қызметінде пайдалану ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, медиабілім беру әлеуметтік интеграцияны мен азаматтық қоғамды қалыптастырудың және жеке тұлғаның сыни ойлауының ең тиімді әдістерінің бірі тұрғысынан беріледі [2].

А. В. Шариков медиабілім беруді әлеуметтік үдеріс ретінде қарастырған болатын. Оның пікірінше, медиабілім беру — бұл адамның медиатизацияланған әлеуметтік коммуникация мәдениетін қалыптастыру үдерісі. Медиатизацияланған әлеуметтік коммуникация мәдениетін қалыптастыру үшін сауатты реципиент және сауатты коммуникатор ретінде де бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру қажет, бұл басқалардың әлеуметтік әрекеттерін және адамға қатысты әлеуметтік күштердің мүдделерін түсінуге көмектеседі [3].

Медиабілім үдерісі заманауи білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл студенттерге ақпараттық қоғамға сәтті интеграциялауда қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі. Ақпарат ағынында еркін бағдарланып және цифрлық дәуірде саналы шешімдер қабылдай алатын және сыни ойлайтын азаматтардың қалыптасуына ықпал етеді.

Демек, қазіргі білім беру жүйесінде медиабілім берудің өзектілігі сөзсіз және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуымен және ақпарат алу тәсілдеріндегі өзгерістермен тығыз байланысты. Оны келесі аспектілер арқылы қарастырсақ болады:

1. Бүгінгі таңда студенттер интернет пен әлеуметтік медиа арқылы қол жетімді әр түрлі медиа форматтағы ақпараттың үлкен көлемімен кездесіп, бұл ақпаратты тиімді іздеу, бағалау және пайдалану үшін жеткілікті дағдылар мен құралдар қажеттілігі туындайды. Медиабілім беру студенттерге ақпаратпен сапалы және жауапкершілікпен жұмыс істей алатындай сыни ойлау мен этикалық бағдарды дамытуға көмектеседі.

2. Интернет кеңістігінде жалған жаңалықтар мен жалған ақпараттың таралуы қоғамдық пікір мен шешім қабылдауға әсер ететін маңызды мәселе. Осы орайда, медиабілім беру студенттерге ақпарат көздерін тексеру, талдау және бағалау, сондай-ақ медиа ортадағы манипуляция және әсер ету механизмдері туралы хабардар болу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

3. Цифрлық технологияның қарқынды дамуына және қоғамның цифрлық трансформациясына байланысты цифрлық дағдыларды меңгеру барған сайын маңыздылығы артуда. Ал, медиабілім беру цифрлық сауаттылықты дамытуға, соның ішінде әртүрлі цифрлық құралдармен жұмыс істеу, цифрлық құралдардың жұмыс істеу принциптерін түсіну және олармен коммуникация, контент құру және мәселелерді шешу үшін тиімді пайдалану қабілетін дамытуға әсері бар.

4. Медиабілім негізінде студенттердің әртүрлі медиа форматтарды, жанрларды қабылдауы құндылықтарды дамытып, өзіндік пікірлер мен жан-жақты түсініктердің дамуына әсерін тигізеді. Сондай-ақ, толеранттылықты, сыйластықты, әртүрлі мәдени және әлеуметтік контекстерді ескере отырып, медиа хабарламаларды талдау және түсіндіру қабілетін дамытуға ықпал етеді.

5. Медиабілім беру сыни ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық, шығармашылық және проблемалық ойлау сияқты трансверсалды дағдыларды дамытудың тиімді құралы болып табылады. Бұл дағдылар өзгермелі ақпараттық қоғамда және еңбек нарығында сәтті бейімделу үшін, сондай-ақ өзін-өзі анықтау мен азаматтық жауапкершілікті дамыту үшін қажет екені анық.

Қазіргі білім беру үдерісіндегі медиабілім берудің қажеттілігі студенттерге ақпараттық қоғамның белсенді және жауапты қатысушылары болуға көмектесуімен айқындалады. Медиабілім беру арқылы трансверсалды дағдыларды дамыту сыни ойлауды, этикалық

зейінді, цифрлық сауаттылықты және цифрлық ортада тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастық қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл студенттерге тез өзгеретін ақпараттық ортаға бейімделуге, шығармашылықты дамытуға және күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді тиімді шешуге көмектеседі.

Трансверсалды дағдылар кәсіптер секторларының кең ауқымын қамтитын, негізгі дағдылар немесе жұмсақ дағдылар, адамның жеке дамуының негізі деп атайды. Трансверсалды дағдылар мен құзыреттер еңбек нарығында табысқа жету үшін қажетті «қиын» дағдылар мен құзыреттерді дамытудың негізгі блоктары болып табылады [4, 16].

ЮНЕСКО-ның жазбасында трансверсалды дағдылар — бұл белгілі бір жұмысқа, тапсырмаға, оқу пәніне немесе білім саласына арнайы қатысы жоқ, бірақ әртүрлі жағдайларда және жұмыс жағдайында қолдануға болатын дағдылар ретінде қарастырылатын дағдылар. Бұл дағдылар білім алушыларға өзгерістерге сәтті бейімделу және мағыналы, өнімді өмір сүру үшін көбірек қажеттілігі айтылған. Сонымен қатар, ЮНЕСКО өтпелі дағдылардың алты санатын анықтайды:

1. Сыни және инновациялық ойлау
2. Тұлғааралық дағдылар
3. Тұлғаишілік дағдылар
4. Жаһандық азаматтық
5. Медиа және ақпараттық сауаттылық
6. Басқалары, яғни мәселелерді шешу, қарым-қатынас, топтық жұмыс және

көшбасшылық кіруі мүмкін [5].

Осы құрылым шеңберіндегі трансверсалды құзыреттер Азия-Тынық мұхиты елдеріндегі әртүрлі зерттеулердің басты назарында болып, 2015 жылғы құжат құзыреттерді негізгі білімге енгізудің «саясаты мен практикасы» мәселелерін зерттеді [6].



Білім беру саясаты мен практикасындағы трансверсалды құзыреттер (ЮНЕСКО, 2015 ж.)

Осылайша, трансверсалды дағдылар қазіргі қоғамда маңызды орын алып, өмір мен кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында қолданылатын дағдылардың кең ауқымын білдіреді.

Болашақ мамандардың сыни тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық, мәселелерді тиімді шешу, өзін-өзі басқару сияқты трансверсалды дағдыларын дамыту, қоғамдық ортада сәтті бейімделуге және әртүрлі жағдайларда икемді болуға көмектеседі.

Трансверсалды дағдылар тиімді жұмыс істеуге, мәселелерді шешуге, адамдармен байланыс орнатуға және бастама көтеруге, бәсекеге қабілеттілікті дамытып, мансапты арттыру мүмкіндіктерін кеңейте алады. Сонымен қатар, трансверсалды дағдылар азаматтық жауапкершілік пен белсенді азаматтықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Яғни, студенттерге ақпаратты талдауға, саналы шешімдер қабылдауға және қоғамдық өмірге қатысуға көмектеседі.

Осылайша, медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту студенттерге тез өзгеретін медиа ортаға және жалпы қоғамға сәтті бейімделуге көмектесетінін келесідей айқындаймыз:

- Студенттер медиа ортада кездесетін мәселелер мен қиындықтарды анықтауға және оларды шешудің тиімді шешімдерін іздеуге үйренеді;

- Медиабілім беру студенттердің өз іс-әрекеттерін бақылау, эмоцияларын білу және саналы шешімдер қабылдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді;

- Медиабілім беру студенттерге интернетті, әлеуметтік медианы, мультимедиялық құралдарды және т. б. тиімді пайдалану қабілетін қоса алғанда, цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі;

- Медиабілім беру студенттердің медиа технологиялар мен мазмұнды пайдаланудың этикалық аспектілері туралы түсініктерін дамытуға, сондай-ақ олардың медиа жасаушылар мен тұтынушылар ретіндегі әлеуметтік жауапкершілігін түсінуге ықпал етеді;

- Медиабілім беру студенттерге жеке басын, өзін-өзі тануын және өзіндік дамуына көмектеседі;

- Студенттер медиа жобалармен жұмыс істеу кезінде өз уақыттары мен ресурстарын тиімді басқаруды үйренеді, бұл олардың жоспарлау, ұйымдастыру және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамытады;

- Медиабілім беру студенттердің жаһандық ақпараттық қоғамда маңызды болып табылатын әртүрлі мәдени контексттер мен көзқарастарды түсіну және оларға бейімделу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Демек, медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту заманауи медиа ортаға сәтті бейімделуде шешуші рөл атқарады және студенттердің жеке және кәсіби өсуіне ықпал етеді, оларды қоғамның сауатты және тиімді қатысушылары етеді.

Қорытындылай келе, сыни тұрғыдан ойлау және этикалық зейін болашақ мамандарға медиа хабарламаларды талдауға және ақпараттандырылған шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Трансверсалды дағдылар қазіргі заманғы білім мен тұлғаның дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Яғни, кәсіби дамуға, жеке өсуге қол жеткізуге және басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауға көмектеседі. Сондықтан медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамытудың өзектілігі сақталады және болашақта маңызды бола бермек.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Media education. Paris: UNESCO, – 2002, p.93.
2. Запевалина, О.В. Медиаобразование как педагогический феномен / О.В. Запевалина // Crede Experto: транспорт, общество, образование, язык. – 2015. – № 3. – С. 86-95.
3. Шариков А.В. Так что же такое медиаобразование? / А. В. Шариков // Медиаобразование. –2005. № 2. С. 58–63.
4. Tilea M. Transversal skills development in modern teaching practice: a good practice guide / M.Tilea, O.Adriana Duţǎ, J.F.Johansson, P. Murphy (ed.). - Bucureşti : Pro Universitaria, 2015, – P-217
5. <https://unevoc.unesco.org/home/TVETipedia+Glossary/lang=en/show=term/term=transversal+skills>
6. Transversal Competencies in Education Policy and Practice (UNESCO, 2015)

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Абильдина С.Қ.

salta-7069@mail.ru

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессор-зерттеушісі, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Мукушева А.Н.

mukusheva.alma@mail.ru

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Ауыл мектептерін және шағын жинақты мектептерді дамыту зертханасының бас маманы

Дагарова Ж.У.*

zhadra-dagarova@mail.ru

Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының
II курс докторанты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Аннотация. Мақалада шағын жинақты бастауыш сынып оқушыларының трансверсальды дағдыларын дамыту ерекшеліктері қарастырылады. Трансверсальды дағдылар ұғымына талдау жасалып, оның мәні мен сипаты ашылған. Сондай-ақ трансверсальдық бағыттылық тұрғысынан бағдарлы білім беру ортасын қалыптастыру қарастырылған.

Annotation. The article discusses the features of the development of transversal skills of primary school children in small schools. The concept of transversal skills is analyzed, its essence and nature are revealed. It also provides for the formation of an oriented educational environment from the point of view of a transversal orientation.

Кілт сөздер: трансверсальдылық, дағды, бастауыш сынып оқушылары, сыни ойлау, трансверсальды дағдылар, ақпараттық коммуникациялық технологиялар

Keywords: transversality, skills, primary school students, critical thinking, transversal skills, Information Communication Technologies

Кез-келген мәдени қоғам үшін басты міндет – жас ұрпақты дұрыс, толық тәрбиелеу, білім беру және дамыту. Дені сау, алдына мақсат қоя білетін, саналы, рухани бай және адамершілік қасиетке ие тұлғаны тәрбиелеу – мемлекеттің орнықты қалыптасуының және оның болашақта бейбіт дамуының аса маңызды кепілі ретінде көрсетіледі [1].

Бүгінгі таңда көпшілікке бағдарланған дәстүрлі оқыту моделі барлық білім алушылар үшін сәйкес келе бермейтіндігі айдан анық. Әрбір білім алушы өзінің қабілеті, қызығушылығы, қалауы мен ойлау бейнесіне қарай бірегей. Сондықтан білім беру саласында трансверсальды дағдыларды дамыту үшін маңызды шарт ретінде жеке бас қажеттіліктері мен қалауларын ескеру қажет.

Белгілі бір зерттеу саласында терминологиялық аппаратты кеңейту мәселесі анықтамалар арқылы жаңа білімді беру үшін ұғымдар мен терминдердің пайда болуымен және дамуымен байланысты. Мақалада «трансверсальдық» терминінің XIX ғасырдағы бұрынғы математикалық ұғымдар аясында шектелген контексттерінен адам қызметінің басқа түрлерінде таралу аймағын кеңейтуге дейінгі эволюциясын қарастыруға тырыстық. Бұл лексикалық құбылыс білім беру кеңістігінде, сондай-ақ білім беру қызметтерінің нарығында